

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ТОРГОВЛИ И ИНТЕГРАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы,
Мәңгілік Ел даңғылы, ғимарат 8
тел.8 (7172) 74-91-09, 74-98-97
e.mail: mti@mti.gov.kz

010000, город Нур-Султан, район Есиль
проспект Мангилик Ел, здание 8
тел.8 (7172) 74-91-09, 74-98-97
e.mail: mti@mti.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісі депутаттарына
(тізім бойынша)**

2019 жылғы 20 желтоқсандағы № ДЗ-202 хатына

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) жоғарыда аталған сауалға келесіні хабарлайды.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес, тауарлардың көлеңкелі айналымын төмендету және тауарлардың сапасын арттыру жөніндегі құралдардың бірі тауарларды таңбалау болып табылады. Сондай-ақ, халықаралық тәжірибе осы механизмді енгізу тауарлардың өмірлік циклін өндірістен немесе импортты әкелуден бастап, соңғы сату мен айналымнан шығаруға дейінгі бақылауға ғана емес, сондай-ақ бюджетке салық түсімін ұлғайтуға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында тауарларды таңбалау және бақылау жүйесін енгізу Еуразиялық экономикалық одақта (ЕАЭО) тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы келісімімен (2019 жылғы 29 наурызда күшіне енді), сондай-ақ «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - Заң, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі №241-VI ҚРЗ Заңына өзгерістер). Осылайша, заңмен үйлестіруші, салалық мемлекеттік органдар мен тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторының ұғымдары мен құзыреттері белгіленген.

Сондай - ақ, ЕАЭО шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі-ЕЭК) 2019 жылғы 8 тамыздағы № 72 «Сәйкестендіру құралдарымен аяқ киім тауарларын таңбалауды енгізу туралы» шешімі қабылданды, сондай-ақ ЕЭК-ның аяқ киімдерді, иіссу мен дәретхана суларын, шиналар мен жаңа пневматикалық резеңке дөңгелектерді, фотокамераларды (кинокамералардан басқа), фотовспышкаларды және жарық шамдарын, жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің жеке позицияларын таңбалау

бойынша шешімдері келісілді.

ЕЭК-ның аталған шешімдері бойынша Қазақстан Республикасының ұстанымын қалыптастыру кезінде Министрлік барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен «Атамекен» ҰКП өкілдерінің тартылғанын атап өткен жөн. Осының арқасында осы шешімдерде, оның ішінде таңбалауды енгізу, ұлттық операторларды анықтау, криптоқорғауды қолдану мерзімдері бойынша барлық мүдделі тараптардың және отандық бизнестің мүдделері ескерілді. Мысалы, Министрлік жүргізген жұмыстың арқасында ЕЭК шешіміне қатысушы елдер тауарларды таңбалаудың және қадағалаудың ұлттық жүйелерінің дайындық дәрежесіне қарай міндетті таңбалауды енгізу күнін дербес айқындауға құқылы екендігі жөнінде норманы салынды. Бұл негіз қалаушы нормалар болып табылады және ЕЭК-ның барлық кейінгі шешімдерінің негізіне алынады.

Сонымен қатар, тауарларды таңбалауды енгізу қосымша салық емес, керісінше, «сұр» айналымнан шығарылған тауарлар есебінен салық салынатын базаны айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік беретін салықтық әкімшілендірудің қолданыстағы жүйесін жақсартудың тиімді құралы болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ақпараты бойынша, үлбір бұйымдарын таңбалауды енгізудің арқасында 2019 жылдың жеті айында үлбір бұйымдарын сатудан бюджетке түсетін салықтар мен кедендік төлемдердің өсімі 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 55% - ға өсті (*2019 жылдың жеті айы ішінде 385,3 млн.теңге, 2018 жылдың сәйкес кезеңі ішінде 249,4 млн. теңге*). Бұдан басқа, нарықты «ағарту» әсерінен басқа, тауарларды таңбалау және олардың қадағалануы таңбаланатын тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді және сол арқылы тұтынушыларды қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында тауарларды таңбалау және қадағалау жүйесін енгізу адал отандық тауар өндірушілер үшін нарықты кеңейтеді және сөзсіз тауарлардың заңсыз айналымын қысқартуға алып келеді деп есептейміз.

Бұдан басқа, белгілі бір тауар топтарына міндетті таңбалауды енгізу туралы шешімдер таңбалауды енгізудің орындылығын талдау нәтижелері, сондай-ақ әртүрлі тауар топтарын таңбалау жөніндегі пилоттық жобалардың қорытындылары бойынша салалық мемлекеттік органдар жүргізетін реттеушілік әсерді талдау негізінде ғана қабылданатынын атап өту қажет деп санаймыз. Өз кезегінде, бизнеске қаржылық ауыртпалықты төмендету үшін, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасында отандық тауар өндірушілерді таңбалауға арналған жабдықтарды сатып алуға арналған шығындарды субсидиялау бөлігінде мемлекеттік қолдау шаралары көзделген.

Сондай-ақ Заңның 7-4 бабының 2-тармағының 6-тармақшасына сәйкес, тауарларды таңбалаудың және қадағалаудың бірыңғай операторы тауар өндірушілерге – сәйкестендіру құралдарын басып шығаруға арналған жабдықтарды Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалдау (жалға алу), лизинг және басқа да қаржы құралдары шартымен берілетін

материалдық жеткізгіштері болуф тиіс.

Осылайша, Министрлік тауарлардың таңбалануы мен қадағалануын енгізу Қазақстан Республикасының экономикасына, адал бәсекелестікті дамытуға айрықша оң мультипликативтік әсер етеді және тауарлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдың тиімді әрі кешенді жүйесін құруға мүмкіндік береді деп пайымдайды.

**Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрінің міндетін атқарушы**

Қ. Төребаев

*Орын. Н. Нұрлыбай
Тел: 75 05 03*

**Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**
(по списку)

На письмо от 20 декабря 2019 года № ДЗ-202

Уважаемые депутаты!

Министерство торговли и интеграции Республики Казахстан (*далее – Министерство*), на вышеназванный запрос сообщает следующее.

Согласно международной практике одним из инструментов по снижению теневого оборота товаров и повышения качества товаров является маркировка товаров. Международный опыт также показывает, что внедрение данного механизма позволяет не только проследить жизненный цикл товаров от производства или ввоза импорта до конечной реализации и вывода из оборота, но также увеличить поступления налогов в бюджет.

Внедрение системы маркировки и прослеживаемости товаров в Республике Казахстан регулируется Соглашением о маркировке товаров средствами идентификации в Евразийском экономическом союзе (ЕАЭС) (*вступило в силу 29 марта 2019 года*), а также Законом Республики Казахстан «О регулировании торговой деятельности (*далее – Закон, с внесенными изменениями Законом Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития бизнес-среды и регулирования торговой деятельности» от 2 апреля 2019 года № 241-VI ЗРК*). Так, Законом определены понятия и компетенции координирующих, отраслевых государственных органов и единого оператора маркировки и прослеживаемости товаров.

Также, в рамках ЕАЭС принято решение Евразийской экономической комиссии (*далее - ЕЭК*) «О введении маркировки обувных товаров средствами идентификации» от 8 августа 2019 года № 72, а также согласованы решения ЕЭК по маркировке обуви, духов и туалетной воды, шин и покрышек пневматических резиновых новых, фотокамер (кроме кинокамер), фотовспышек и ламп-вспышек, отдельных позиций продукции легкой промышленности.

Важно отметить, что при формировании позиции Республики Казахстан по данным решениям ЕЭК Министерством были привлечены все заинтересованные государственные органы и представители НПП «Атамекен». Благодаря этому в данных решениях учтены интересы всех заинтересованных сторон и отечественного бизнеса, в том числе по срокам введения маркировки, определения национальных операторов, применению криптозащиты. Например, в результате кропотливой и взвешенной работе Министерству удалось заложить в решения ЕЭК норму согласно которой страны-участницы вправе самостоятельно определять даты введения обязательной маркировки исходя из степени готовности национальных систем маркировки и прослеживаемости товаров. Необходимо отметить, что данные нормы являются основополагающими и лягут в основу всех последующих решений ЕЭК.

Вместе с тем, необходимо отметить, что введение маркировки товаров не будет

дополнительным налогом, а напротив станет эффективным инструментом улучшения существующей системы налогового администрирования позволяющим значительно расширить налогооблагаемую базу за счет товаров выведенных из «серого» оборота. Так, по информации Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан, благодаря введению маркировки меховых изделий рост поступления налогов и таможенных платежей в бюджет от реализации меховых изделий за семь месяцев 2019 года вырос на 55% по сравнению с аналогичным периодом 2018 года (*385,3 млн. тенге в течение семи месяцев 2019 года против 249,4 млн. тенге в течение аналогичного периода в 2018 году*). Кроме того, помимо эффекта «отбеливания» рынка, маркировка товаров и их прослеживаемость позволит повысить качество и безопасность маркируемых товаров и обеспечит тем самым надлежащий уровень защиты потребителей.

Также считаем, что внедрение системы маркировки и прослеживаемости товаров в Республике Казахстан расширит рынок для добросовестных отечественных товаропроизводителей и неизбежно приведет к сокращению незаконного оборота товаров.

Кроме того, считаем необходимым разъяснить, что решения о введении обязательной маркировки на те или иные товарные группы будут приниматься только на основании результатов анализа целесообразности введения маркировки, а также анализа регуляторного воздействия, проводимыми отраслевыми государственными органами по итогам пилотных проектов по маркировке различных товарных групп. В свою очередь, для снижения финансового бремени на бизнес, Государственной программой индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2020-2025 годы предусмотрены меры государственной поддержки отечественных товаропроизводителей в части субсидирования их затрат на покупку оборудования для маркировки.

Также, согласно подпункта 6 пункта 2 статьи 7-4 Закона Единый оператор маркировки и прослеживаемости товаров должен располагать оборудованием для печати средств идентификации на материальный носитель, предоставляемым товаропроизводителям – субъектам малого предпринимательства Республики Казахстан на условиях имущественного найма (аренды), лизинга и других финансовых инструментов.

Таким образом, Министерство полагает, что введение маркировки и прослеживаемости товаров окажет исключительно положительный мультипликативный эффект на экономику Республики Казахстан, развитие добросовестной конкуренции и позволит построить эффективную комплексную систему противодействия незаконному обороту товаров.

**И.о Министра
торговли и интеграции
Республики Казахстан**

К. Торбаев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ТОРГОВЛИ И ИНТЕГРАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҮЙРЫҚ

16.01.2020 ж.

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 7-і

город Нур-Султан

Иссапарға жүру және міндеттерді жүктеу туралы

1. 2020 жылғы 16 қаңтардан бастап 23 қаңтарға дейін, 8 күндік мерзімге (жолды есепке алғанда), келесі іс-шараларға қатысу үшін Давос, Париж және Мадрид қалаларына іссапарға жүремін:

2020 жылғы 17-18 қаңтар аралығында Мадрид қаласында (Испания Корольдігі) – «Mercaso» Испания мемлекеттік компаниясымен кездесулерге;

2020 жылғы 19-20 қаңтар аралығында Париж қаласында (Франция Республикасы) – Ранжис (Rungis) компаниясының басшылығымен кездесуге;

2020 жылғы 21-22 қаңтар аралығында Давос қаласында (Швейцария Конфедерациясы) 50-ші мерейтойлық Дүниежүзілік экономикалық форумына қатысу.

2. Иссапар кезінде, министрдің міндеттерін атқаруды вице-министр **Кайрат Калмукаметович Торебаевқа** жүктеймін.

3. Қаржы және активтер департаментіне - барлық іссапар шығыстары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес төленетіндігі назарға алынсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы.

Министр



Б. Сұлтанов